Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, белгілі суретші Тё Еленаның «Здание Министерства культуры» (2024) майлы бояудағы авторлық туындысы.

Ұсынылып отырған «Зимние горы» туындысында тау панорамасының пейзажы берілген. Ақшыл көк-сұр түсті палитра басымырақ келіп, бояулары сілтей жағылған. Бет жағында қолтаңба жоқ. Сырт жағында майлы бояумен және қарындашпен жазылған (бір-бірін қайталайды: Ж.Шарденов Зимние горы к/м 1975. Бұдан әрі «№ 11» нөмірі қарындашпен жазылған.

Елена Тё қазақстандық суретші, 1973 жылы Алматыда дүниеге келген. Н. В.Гоголь ат. училищесін және Абай ат. Мемлекеттік университетінің өнер және графика факультетін тәмамдады. Ол Криушин п.м., Плотникова Ю.Я., Стариченко Н. Л., Зальцман Е. П. сабақ алған. 1988 жылдан сурет салумен айналысып келеді. 1991 жылдан бастап республикалық және шетелдік көрмелерге қатысты. Оның жұмысы әлемнің көптеген елдерінің коллекцияларында.

Сүйікті қала суретшіні эмоционалды әсерлі қала пейзаждарын жасауға шабыттандырады. Ол сүйікті Алматы қаласының ерекше сұлулығы мен сүйкімділігін, таулардың әсемдігін шебер жеткізеді.

Елена Те өзін белгілі бір тақырыппен шектемейді, оны дала мен қала пейзаждары да, қазақтың салт-дәстүрлерінің кейбір үзінділерін бейнелейтін тұрмыстық эскиздер де қызықтырады. Шығармашылық кезеңінде ол мыңнан астам сурет салған.

Ұсынылып отырған туындыда алдыңғы планда сол жақта сары күзгі жапырақтары бар ағаштар және өтіп бара жатқан қызыл түсті көлік бейнеленген. Сұр түсті дымқыл асфальт алдыңғы және артқы жақты бөліп тұр. Суреттің артқы жағында ғимараттың алдындағы тротуарда өтіп бара жатқан адамдар көрінеді. Артқы фонда ағаш терезелері бар сары түсті ғимарат бейнеленген. Қоңыр ағаштан жасалған 17 терезе оюлармен жиектелген. Кіреберіс жері де қоңыр түсті ағаштан.

Суретші, кескіндемеші Те Еленаның туындысы авторлық түпнұсқа туынды болып табылып, пейзаждық өнерді көрсетіп тұрған жұмыс.

Ұсынылып отырған туындының музейлік мәні бар және музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**